



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№2 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2006 жылғы 6 қаңтар**

**Ресми қайта қаржыландыру  
ставкасы туралы**

Инфляция деңгейінің динамикасын ескере отырып және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасын **жылдық 8,0%** деңгейінде белгілеуге қаулы шығарды. Ресми қайта қаржыландыру ставкасының алдыңғы мәні сондай-ақ жылдық 8,0% болды.

Ресми қайта қаржыландыру ставкасын осы деңгейде сақтау инфляцияның жылдық деңгейінің қыркүйектегі 7,9%-дан желтоқсандағы 7,5%-ға дейін төмендеуіне, сондай-ақ 2006 жылғы 1-тоқсанда жылдық инфляцияның шамалы өзгеруін күтуге байланысты орын алды. Сонымен бірге ресми қайта қаржыландыру ставкасы нақты көрсетуде әлсіз оң болып қала береді.